

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№1 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/QZXY9517>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/FLSF7955>

***К. С. Әбдіқалық, К. Н. Абилдаева, А. Шамшадинқызы**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: kun_jan.16@mail.ru

ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ ТҰЛҒАСЫН САХНАЛАУДАҒЫ КӨРКЕМДІК-ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

Бұл мақалада ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының тұлғасы сомдалған пьесалардағы көркемдік-тарихи шындық мәселесі зерделенеді. Осы орайда Мағжанның өміріне қатысты Жолтай Жұмат-Әлмашұлының «Абақты-ғұмыр», Виктор Шалаевтың «Мағжан соты», Дулат Исабековтің «Жүз жылдық махаббат», Алмас Нүсіптің «Мағжан», Жұмагүл Солтиеваның «Әйел махаббаты» пьесалары зерттеу нысанаға алынды. Алаш зиялысы ретінде Мағжан Жұмабаевтың тұлғасын сахналаудағы тұстары арнайы қарастырылып, әрбір драматургтің өзіндік шеберлік деңгейіне де назар аударылды. Осы туындылардағы басты кейіпкер Мағжанның бейнесі арқылы көрініс тапқан алаш зиялыларының тұлғасы қаншалықты тарихи шындықпен байланысып жатқаны ашып көрсетіледі. «Абақты-ғұмыр» туындысындағы Нәзір Төреқұлов, Сұлтанбек Қожанов; «Мағжан соты» пьесасындағы Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Тынышпаев, Сәкен Сейфуллин; «Жүз жылдық махаббат» пьесасындағы Сәкен, Бейімбет, Илияс; «Мағжан» туындысындағы Бернияз Күлеев пен Мұхтар Әуезов есімдерінің ардақталуы негізсіз еместігі талданады. Саяси қуғынға ұшыраған ұлт зиялыларының тағдыры сахналанған кейбір пьесалардағы ортақ ұқсастықтардың болуы да, олардың алынған фактілердің дұрыстығын нақтылап көрсететіндігімен ерекшеленетіні де сөз етілді. Пьесалардағы тарихи тұлғалардың көркемдік шындықпен қабысып жатқандығына баса назар аударылды. Республикалық, аймақтық театр сахналарында толығымен қойылған драмалық қойылымдардың маңызы да қамтылды.

Кілтті сөздер: Ұлттық мүдде, зиялылар, алаш идеясы, тұлға, ақын, сахналық қойылым, т.б.

Кіріспе

Зиялылар туралы сөз қозғағанда алдымен көпшіліктің ойына ұлт зиялыларының бірі Мұстафа Шоқайдың пікірі оралатыны жасырын емес. Өйткені ол «Ұлттық зиялы» («Яш Түркістан», 1931 ж., № 18) деген мақаласында: «Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттары төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады», – деп кімдерді зиялы деп атауға болатынын нақты айқындап берген еді [1]. Осы тұлғаларға жүктелетін міндеттер де аса салмақты екенін былайша ұғындырады: «Зиялылардың міндеті ұлы да қасиетті болуы себепті өте ауыр. Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни, жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі».

Міне, XX ғасырдың алғашқы отыз жылдығында, яғни 1906 жылдан басталған қуғын-сүргінді басынан өткізген қазақ зиялыларының ұстанған бағыты да, көздеген мақсаты да өз ұлтының тағдырына қатысты болатын. Сондықтан олар осы уақыттарда өзін-өзі билейтін, ұлттық мүддені қорғайтын мемлекет жүйесін құруға ұмтылып, ұлттық тұтастықты қалыптастыруға негіз болатын қазақтың жер, тіл, дін мәселелерін батыл көтере білді. Патша отаршылдығының қыспағына ұшыраған халқының болашағына алаңдаушылық ұлт зиялыларының басын біріктіріп қана қоймай, тарих санасына Алаш қозғалысының екпінді ұранын ала келді. Қазақ тарихында орны бөлек осы Алаш қозғалысы, тарихшы ғалымдардың айтуынша, «ұлт интеллектуалдарының қозғалысы» болып табылатыны белгілі. Расымен де бұл қозғалыс ұлттық сана-сезімді оятуда жаңаша ой-пікірлердің қалыптасуына жол ашқан ұлт-азаттық күрестің бір түрі болатын. Ел санасын оятуда ақтық демі біткенше тынымсыз әрекет еткен осы ұлт зиялыларының рухани, саяси күрестерінің мәнін бүгінде ерекше ілтипатпен бағалап жатқаны бәрімізге аян. Қазіргі көзқараспен бағалану бойынша Алаш зиялыларының ұстанымын жариялаудағы сол уақыттағы баспасөздердің орнын көрсеткен кейбір мақалаларды да [2] тілге тиек етуге болады.

Орыс отаршылдығының қанауы күшейген тұсында қиналған халқының жан ашуын айтуға қаламын қару еткен зиялы қауымның ішінен ақын-жазушыларымыз да шығып, олардың қатарында Мағжан Жұмабаевтың ақындық тұлғасы ерекше танылды.

«Тарихта ізі қалған дара тұлғалармен кездесудің киелі орны – театр сахнасы» (Ғ. Мүсірепов) десек, Мағжан тұлғасы сомдалған пьесалар арқылы ақынның, сондай-ақ XX ғасыр басындағы саяси қуғынға ұшыраған ұлт

зиялыларының биік болмысымен танысуға тағы да мүмкіндік туады. Бүгінде осы ұлт зиялыларының тағдыры туралы бірнеше драмалық шығармалар жазылып, көптеген деректі фильмдер түсірілуімен қатар, олардың тарихи тұлғасы сахна мен кино туындыларында жаңаша көзқараспен халық арасында кеңінен насихатталуда. Мұны, әрине, бұқаралық сипат алған музыкалық бейне баяндар, медиаблоггер, көркем және деректі фильмдермен қоса, академиялық драма театрларындағы қойылымдардың ауқымды қолдау табуынан аңғарамыз. Осы зерттеу мақаламызда Мағжан туралы қойылымдардағы ақынмен қоса, ұлт зиялыларының сахнадағы бейнесін көркемдік-тарихи шындықпен сабақтастыра қарастыруды мақсат еттік.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалдары ретінде Мағжанның тағдырына қатысты жазылған сахналық қойылым сценарийлері назарға алынады. Республикалық, аймақтық театр сахналарында қойылған драматургиялық туындылардың мәтіні интернет көзіндегі сілтемелерден, авторлардың өз қолжазбаларынан алынып отыр.

Алашшыл ақын, ұлт зиялыларының көркем бейнесі сипатталған пьесаларды салыстыра зерделеуде әдеби талдаудың барлық әдістерін қолдануды қажет етеді. Сондықтан да дәстүрлі әдеби талдаумен бірге, салыстыра талдау, тарихи-салыстырмалы, салыстырмалы-типологиялық әдістерге сүйенеміз. Салыстыра талдау әдісі тақырып пен идея, образдар элементіндегі ұқсастықтар мен ерекшеліктер, жеке стильдер арасындағы байланыстарды, тарихи-салыстырмалы әдіс драмалық шығарма мен тарихи деректердің араларындағы сәйкестіктің әртүрлі деңгейлерін анықтауға, ал салыстырмалы-типологиялық әдіс көркем туындылардың ұлттық ерекшелігін айқындап беруге септігін тигізеді.

Нәтижелер мен талқылау

Драмалық шығармалардағы тарихи шындық көркемдік бейнелеу тәсілмен берілетіндіктен де көркемдік шындықпен тығыз байланыста болатыны белгілі. Тарихи шындыққа сол дәуірде өмір сүрген тұлғалар арқау етілетіндігі тағы аян. Драматургтер өздері таңдап алған тарихи тұлғаларды сомдауда оның өмірдегі болмысын дәл сол күйінше емес, басты белгілерін қалдыра отырып, кейіпкерін көркемдік шешімге лайықтап жаңадан әдеби тұлға жасап шығарады. Тарихи тұлғаларды сахналаудағы осы көркемдік-тарихи шындықтың өзара тығыз қатынаста болуы белгілі деңгейде драматург пен режиссёрдің өзіндік шеберлігін таныта түседі.

XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының, оның ішінде Мағжанның өміріне қатысты бірнеше пьесалардың дүниеге келіп сахналануы да кездейсоқтық жайт емес. Бұл орайда ғалым Р. Нұрғалидің: «Бір тақырыпқа, бір материалға әлденеше шығарманың арналуы – ең алдымен объектінің

мәнділігін көрсетпек», – деген пікірі де еске түседі [3, 23 б.]. Демек, Жолтай Жұмат-Әлмашұлының «Абақты ғұмыр», Виктор Шалаевтың «Мағжан соты», Дулат Исабековтің «Жүз жылдық махаббат», Алмас Нүсіптің «Мағжан», Жұмагүл Солтиеваның «Әйел махаббаты» пьесаларында Мағжан бейнесінің әр қырынан ашылуы бүгінгі уақыттың сұранысы деп білеміз. Осы туындыларда ұлы ақын, биік те шынайы сезімнің иесі, досқа риясыз адал, репрессия құрбанына айналған алаш зиялысы арқылы XX ғасырдың басындағы ұлттық интеллигенцияға төнген қауіп, тоталитарлық жүйенің қатал саяси жүйесі де қалыс қалмай, сыналып отырады. Жалпы, драманың басты мақсаты да «шындықты жариялау, жалған дүниені әшкерелеу, дәуірдің ең көкейтесті, өткір мәселелеріне қозғау салу» [4, 184 б.] десек, аталмыш туындыларда заман шындығы барынша кеңінен көрініс тауып отыруымен құнды.

Ұлт зиялыларына қатысты көріністерде драматургтер қолына түскен тарихи деректерді көркемдікпен үйлестіріп, өзінше дамыта пайдалана алған. Айталық, қойылымдағы басты кейіпкерден бөлек Ж. Жұмат-Әлмашұлының «Абақты-ғұмыр» туындысында Нәзір Төрөқұлов, Сұлтанбек Қожанов сынды ұлт зиялыларының тарихи тұлғасы танылса, В. Шалаевтың «Мағжан соты» пьесасында тергеушінің сұрауымен Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Тынышпаев т.б алаш зиялыларының есімдері аталып өтіп, Сәкен Сейфуллинмен тілдестіреді. Д.Исабековтың «Жүз жылдық махаббат» пьесасында Сәкен, Бейімбет, Илиястың есімдері ерекше құрметтелсе, А. Нүсіптің «Мағжан» туындысында Бернияз Күлеев пен Мұхтар Әуезовтің бейнесі сомдалады.

Мағжан туралы алғашқы спектакльде кейіпкер саны мүлдем аз болғанына қарамастан шығарманың идеялық түйіні ұғынықты. Жолтай Жұмат-Әлмашұлының үш актілі «Абақты-ғұмыр» туындысында Мағжан Жұмабаевтың түрмедегі соңғы күндерінен сыр шерткен драматург Ташкентте Сұлтанбек Қожановтың, Мәскеуде Нәзір Төрөқұловтың кездесуіндегі сұхбаттарымен қоса, Ақ елес, Қара елес бейнелерін тандаған. 2006 жылдың 21 сәуіріндегі «Абақты-ғұмыр» қойылымы туралы пікір білдірген Нұрлан Қалқаның «Қойылымның ұтқан тұсы – Ақ елес және Қара елесті сөйлете білуі» дей келіп, автордың қазақ драматургиясына әкелген жаңашылдығының бірі ретінде орынды бағалай білген. Автордың мұнда көркем қиялдан гөрі тарихи деректерді ұтымды қолдана алуы да сәтті шыққан. Бұл, әрине, драматургтің Мағжан шығармалар жинағына алғысөз жазған Сұлтанбек Қожановты, саясаттың ығымен ақын шығармасын уақытында сынға алған Нәзір Төрөқұловты іріктеп алуынан байқалады. Бұл туындыда ұлт зиялыларына жала жапқызудың бір тәсілі «Егер тірі қалғың келсе, басыңды арашала. Өзің жазған жырлардан бас тарт. Оларды Рысқұлов, Төрөқұлов,

Қожановтардың айтуымен жаздым де. Сонда тірі қаласын» деген сөздерді Қара елестің аузымен айтқыздыру арқылы көрсеткісі келген. Жалпы, ақынның шығармашылық өмірімен байланыстырған бұл қойылымдағы сұхбаттар, монологтардан ұлт зиялыларының азаматтық тұлғасын небір қаңқу сөздерден арашалап алып қана қоймай, ірілендіре түскенін аңғарамыз.

Ал Н. Погодин атындағы облыстық орыс драма театрында алғаш 2008 жылы саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай сахналанған Виктор Шалаевтың «Мағжан соты» [5] спектаклінде ұлт зиялыларына тағылған айыптар өте кесектігімен көзге түседі. Бұл туындының ақынға арналған өте қисынсыз айыптауларынан көрінеді. Мағжанның балалық шағынан ақын ретінде қалыптасуына дейінгі өмірі де қалыс қалмаған В.Шалаевтың «Мағжан соты» пьесаның негізгі идеясы жазықсыз атылған алаш зиялыларының тұлғасына тағзым етуге шақыру болатын.

«Мағжан соты» пьесасында көп нәрсе нақты деректерге сай жазылғандығы тергеушінің сұрақтарынан бірден байқалады. Тіпті, Мағжанның зайыбы Зылиқаның, Максим Горький, Валерий Брюсов сынды жазушылар естеліктерінің бір көрінісі де «Жүз жылдық махаббат» пьесасында толығымен кездесуі, яғни ортақ ұқсастықтардың болуы алынған фактілердің дұрыстығын нақтылап, көркемдіктің тарихи шындықпен қабысып жатқанын айқындай түссе керек. Туындағы тергеушінің сұрақтары арқылы «Помнишь дружка своего Мыржакыпа Дулатова? И его – «Пробуждайся казах» деген деректер, атаман Дутов пен Колчакты қолдаған Бөкейханов, Тынышпаев, Досмухамбетовпен бір мүдделес болдың деген сияқты айыптаулардан аталған Алаш зиялыларының тарихи тұлғасы ерекше таныстырылып отыр.

Сонымен қатар пьесада «Бірлік» жиынындағы Мағжан мен Сәкенмен бір мәмлеге келмегендігін еске салуында Алаш қозғалысының белгілерін көрсеткісі келгені аңғарылады. Мұндағы бірлік деп отырғаны ұлт зиялыларының бас қосуын айтып тұр. Тарихи деректерге сүйенсек, 1913 жылдары «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жер мәселесіне қатысты халыққа пайдалы кеңес беретін әртүрлі мақалалардың ішінде айтысқа құрылған «кала болу керек деушілер» мен «көшіп жүру керек деушілердің» пікірлері молынан жарияланғаны белгілі. Осы тарихи шындықты алға тартқан драматургтің Мағжан мен Сәкеннің диалогы, оған Шаймерденді қосу арқылы жасаған көрініс, яғни тартыс желісінен көркемдік шешім басымдылық танытқан. Пьесадағы тергеушінің «Алашордынский ублюдок!» деген сөзді ақынға жиі айтуы, «Когда стал японским шпионом алашордынский ублюдок!?» деген орынсыз сұрақтар қойылғанда Мағжан жауаптарының шынайылығы мен қайсар мінезі басты тұлғаның болмысын биіктете түседі.

Пьеса сонындағы Мағжанның сұратуы бойынша Сәкен Сейфуллин, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Қадыр Қадырбаев..., Аяз Джизанов..., Ай Тұрмұхамедов, Георгий Сафаров, Әлихан Бөкейханов сынды репрессия құрбанына айналған алаш зиялыларының шетінен атылғандығынан хабардар етілуі де көркемдік-тарихи шындықпен тығыз байланысып тұрғанын аңғартады.

Жалпы, Мағжан өмірі туралы жазылған, яғни, «Остальные годы его 44-летней жизни, за вычетом детства отрочества, проходили в сталинских тюрьмах и лагерях, откуда поэт не вернулся» [6, 4 б.] деген сияқты тарихи шындықты драматургтердің өз пьесаларында орнымен қолдана алғаны байқалады.

Д. Исабековтің «Жүз жылдық махаббат» пьесасына келсек, осы Мағжанға қатысты қойылымы (2013 ж. 29 сәуір) бастапқыда «Өйтпесе Мағжан бола ма?», кейінен «Әлдиле, өмір, әлдиле» болып бір өзгертіліп, драматургиялық шығарманың соңғы нұсқасында «Жүз жылдық махаббат» деген атауға тоқталуының өзінде үлкен мән жатыр. Автордың жазылған пьесасының тақырыбын осылайша ауыстыруына басты себепті тақырыппен спектакль аралығындағы ой қайшылықтарынан деп те кесіп айту қиын. Бәлкім, драматургтың Мағжандай ұлы тұлғаның қай қырын тақырып етіп жарқырата көрсетуге болады деген толғанысынан туындаған болар.

«Жүз жылдық махаббат» пьесасында да, кейінгі Ж. Солтиеваның «Әйел махаббаты» қойылымында да Мағжанның тұлғалық бейнесі жары Зылиханың айтуы бойынша ашылуы ортақ ұқсастықты байқатады. Ортақ ұқсастықтардың кездесуі, әрине, алынған деректердің дұрыстығымен қатар, оқиғаның шынайылығын көрермендерге сендіре түседі. Бұл қойылымдарда да Мағжан мен Зылиханың адал махаббатынан бөлек, олардың қуғын-сүргіндегі азапты өмірін көрсету арқылы ұлт зиялыларының қиын тағдыры орын алған.

Сахналық шығармаларда образ жасауда кейіпкерлер тілінің орны ерекше болып келетіні белгілі. Бұл орайда академик З. Қабдоловтың: «... драмадағы ең басты, ең шешуші, ең негізгі нәрсе тіл. Пьесаның күші де, әлсіздігі де тілде; пьесадағы әр сөз мірдің оғындай өткір, көздеген жерге дір етіп тиердей дәл, көкейге саулап құйылардай таза, мөлдір, санаға мықтап дарығандай мағыналы, мәнді болып келуге тиіс», – деген пікіріне құлақ салсақ, Д.Исабековтің «Жүз жылдық махаббат» пьесасындағы кейіпкерлер сөздері «мірдің оғындай өткір» десек қателеспейміз [7, 98 б.]. Осы драматург туралы театр сыншысы Ә.Сығай: «Дулат драматургиясына тән жақсы қасиет оның халықтық колоритке, ұлттық мінез тегершіктеріне молынан назар аударатындығы», – деп бағаласа, зерттеуші ғалым Б. Сұлтанова: «Балуан Шолақ туралы пьесада да, ақын М. Жұмабаев туралы пьесада да Д. Исабеков

жеке тұлға өмірімен тарихи жағдайларды сабақтастыра, бір-біріне өзек ете отырып, шиеленісті оқиғаны дамытады», – деген пікір айтады [8, 67 б.; 9, 265 б.].

«Жүз жылдық махаббат» пьесасында Сәкен, Бейімбет, Ілиястың есімдері Мағжанның түрмеге іздеп келген әйелімен диалогінде да, екіншісі А.М.Горькийге 1935 жылдың 18 мартында жазған хатында да арнайы аталып, тергеушінің сұрағында да Бейімбет аты тағы қайталанатын.

«МАҒЖАН. Сәкен мен Бейімбетті де ұстап әкеткендері рас па? Жасырма!
ЗЫЛИХА. Иә... Ілиясты да қамауға алған...

Мағжан кенет бетін басып, екі иығы солқылдап жылап жібереді.

ЗЫЛИХА. Мағ-жан! Мұның не? Азамат басыңмен, ақын басыңмен жылағаның қалай? Сен мұндай бор кемік емес едің ғой, көтер басыңды!

МАҒЖАН. Олар кетсе... Айтшы, олар кетсе кім қалмақшы қазаққа ақылшы боп! Оның жоғын енді кім жоқтамақ! Бағы ашылмаған сорлы халқым-ай!».

Өзі сияқты үш арыстың ұсталғанына ақынның сонша қиналғанын әсерелеп әрлеген драматург ұлт зиялыларын қазақтың ақылшысы ретінде бағалайды. Мұны Мағжанның А. М. Горькийге жазған хатында да: «...елдің азғантай ақылды тобы түгелге жуық «халық жауы» деген жаламен түрмеге тоғытылды», – деп көрсетеді. Сондай-ақ «...Сол ұлттан шыққан азын-аулақ зиялы өкілдері бүгінгі таңда түгелдей қуғын-сүргінде жүр. Кейбіреулері жазықсыз жаламен атылып та кетті... Олардың бәріне өмірінде барып көрмеген, тіпті есітіп көрмеген «Жапонияның шпионы» деген адам күлерлік жала жабылды. Солардың бірі – менмін. Жарайды, бір менде тұрған ештеңе жоқ, өзіңіз сыйлайтын Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин т.б. ұлт мақтаныштары бұл күнде жазықсыз жапа шегуде», - деп автор саяси қуғынға ұшырағандардың тағдырын осы бір кішкентай хатқа сыйғыза алды. Белгілі «Жапонияның шпионы» деген қазақ зиялыларына тағылған айыптың бірін жоғарыда «Мағжан соты» пьесасында да кездестірдік. Мұнда Д.Исабеков арнайы мақсатпен қазақ зиялылардың ішінен осы үш арысты таңдап алады. Және хатта Ілиястың есімі алдымен аталады. Тарихи деректерге сүйенсек, алдымен Ілияс Жансүгіров 1938 жылдың 26 ақпанында, Бейімбет Майлин 10 қарашада, Сәкен Сейфуллин 1939 жылдың 25 ақпанында жазаланған деп берілген. Драматург та осы тарихи мәліметтерге сүйене отырып, алдымен Ілиясты, содан соң Бейімбет пен Сәкенді рет-ретімен берген тәрізді.

Д. Исабековтің Мағжанның ақындық тұлғасын сомдауда да шығармашылық өмірін Зылиханың аузымен айтқыза келе, оны С. Есенин, Д. Бедний, М. Горький, ұстазы В. Брюсов сынды Мәскеу интеллигенция өкілдерінің ортасында «қазақтан шыққан Пушкин» биігіне жеткізе білуі

ерекше назар аудартады. Пьесадағы бұл көріністер тарихи шындықтан алыс еместігін мағжантанушы Ш. Елеуқеновтің 1993 жылы жазған мақаласынан да көре аламыз: «Пока мы не располагаем сведениями, публиковались ли при жизни Магжана его стихотворения в переводе на русский язык. Известно, что его учитель, ректор Московского литературного-художественного института поэт Валерий Брюсов, называл Магжана «казахским Пушкиным» [6, 4 б]. Драматургтың өзінің М. Әуелханұлына берген сұхбатындағы «Блок өлгенде оның сахнадан оқыған өлеңі, сол кездегі орыс әдебиетін дүр сілкіндірген» [10] деген естелігімен туындысындағы ақынның «Александр Блок» деген өлеңнің оқылуы көркемдік шындықпен үйлесімін тауып тұр. Жалпы, драмадағы «дәуір, нақты детальдар, табиғи бояулар бұл жанрдың өмірді реалистікпен бейнелеуіне көбірек мүмкіндік береді» [11, 202 б.] десек, пьесадағы осы нақты детальдар да алынған көріністердің шынайылығын арттыра түседі.

Алмас Нүсіптің сахналауындағы Мағжанның бейнесіне тоқталсақ, спектакльде 28 жастағы ғашық Мағжанды таныстыра келе, ұлттық мүдде жолында ғана емес, түркі халықтарының бірлігін қалаушы күрескер ретінде көрсетіледі. А. Нүсіптің «Мағжан» (2022 ж.) пьесасының өзіндік тағы бір ерекшелігі 1921–1922 жылдардағы аштыққа ұшыраған қазақ халқының трагедиясы кең масштабта орын алуы болатын. Тіпті бірінші бөлімнің үшінші сахнасындағы Мағжанның Гүлсіммен кездесуінде де бұл мәселені көтере білген драматург: «Қазақ қайыршылар көбейіп кетті. Қырдағы жағдай бұдан да қорқынышты дейді. Тышқан аулап, шөл қазып, тезек теріп жеп жүрген қазақтар...», – деп елдегі ашаршылықтың зардабына уайым жеген ақынның бейнесіне куә етеді.

Одан әрі пьесаның екінші бөлімінің бірінші сахнасындағы бірінші көріністе аштық мәселесін қызу талқылаған жиналыс үстіндегі қазақ зиялыларының диалогі арқылы кеңінен ашылды. Мұнда мінберге шығып аштыққа ұшыраған қазақ халқының жағдайынан хабардар еткен М.Әуезовтің сөйлеген сөзіне қарсылық білдірген Авдеев, Сәбен сияқтыларға Қияқов, Бернияз сынды азаматтардың жауаптары да оқиғаны шиеленістіріп, тартысты қыздыра түседі. Мәселен, «Авдеев. Сіз сонда комиссияны кіл Алашордашылардан құрғыңыз келе ме?

Қияқов. Сіздер олай сөзді бұрмаламаңыздар! Бұл жерде Алашорда емес, аштық туралы сөз болып отыр.

Сәбен. Онда ұлт туралы да айтуға тыйым салыну керек, Қияқов жолдас.

Қияқов. Әңгіме ашытққа ұшыраған қазақ туралы болып жатқанда, ұлт туралы мәселені айналып өте алмаймыз, Сәбен. Түсінесің бе, аштыққа басқа емес, қазақ ұшырап жатыр».

Бұдан әрі де драматург Сәбеннің аузына «Алашордашылардың туыстары», «Алашорданың да, сендердің де күнің біткен!» деген кейістікпен

айтылған сөздерді сала отырып, «**Авдеев** (*килігін*). Комиссия мүмкіндігінше жұмыс істеп жатыр, Әуезов жолдас. Біздің де еңбегімізді жоққа шығара бермеңіз.

Әуезов (*түңілін*). Авдеев жолдас, егер Қыр елінде аштық асқынып кетсе, оған сіз де бір кісідей еңбек сіңірдіңіз. «Қазақ қызметкерлерінің бәрі алашордашылар» деген сөзді алғаш алға тартқан да сізсіз!» деген кесімді сөзді Әуезовке айтқызу арқылы ұлт зиялыларының басына төнетін қауіптің алғашқы белгілерінің қайдан келіп жатқанын да сездіріп өтеді. Сол қоғамдағы Әуезов тұлғасын ірілендіре түседі.

Кейінгі сахналарда аштыққа ұшыраған халқына көмек қолын созуға ұмтылған Мағжанның бейнесімен бетпе-бет келеміз. Ел аралаған Мағжанның екінші сахнаның екінші көрінісіндегі шал мен жындыға кездесуі, үшінші сахнадағы Садық, Бексейіт, Баймұқан, Молдабек сынды кейіпкерлермен диалогі арқылы адам түршігерлік ел жағдайының сөз егілуі, төртінші сахнадағы аштықтан өлген адамдарды, оның ішінде бесіктегі сәбиін тербеткен күйі өлген ананы көрген акынның күйзелісі көрермендерді селт еткізердей көркемдік шындықпен шебер үйлесімін тапқан.

Эпиплогтегі ақынның Бернияздың рухымен сырласып, қоштасуында да, яғни, «**Мағжан** (*газеттегі ұмаждаған күйі бетіне тақан*). Күнәң ауыр, Бернияз... Кешіре алар ма екем... Елің қайғы жұтып жатқанда, сен оны тастап кеттің, Бернияз. Арқалаған аманатың көп еді... Бүйткенше, қан майданда күңіреніп өлсең еді...

Бернияздың даусы (*көңілді, еркелеп*) Жәжеке?...» деген көрініс арқылы автордың ұлт зиялылары арқалаған аманаттың мәнін ұғындырып өтуі де сәтті шыққан. Бұл арадағы Мағжанның «Жәжеке» деп аталуы да ойдан алына салмаған. Яғни М.Жұмабаевтың алғашқы мақалаларын «Кедей сөзі» газетінде «Жәжеке» деген бүркеншек атпен жариялағаны (Мәселен, Автономия кімдікі? 1921 ж. 12 қаңтар, т.б) белгілі. Драматургтың осы бір тарихи шындықты да туындысында ұтымды қолдана білгені байқалады. Сонымен, жиырмасыншы ғасырдың басындағы астыртын саясаттың әлегінен өз ұлтын қорғағысы келген алаш зиялыларының еңбегін қазіргі таңда бәріне үлгі екендігі ақиқат.

Қорытынды

Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына орай биыл ақынның тұлғасын халық арасына кеңінен таныту мақсатында насихатталған драмалық қойылымдар театр сахнасында толығымен қойылған болатын. 2023 жылдың 4 шілдесінде Алмас Нүсіптің «Мағжан» пьесасы Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрында, 9 қыркүйекте Дулат Исабековтің «Жүз жылдық махаббат» пьесасы М. Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында, 23 қыркүйекте Жұмагүл Солтиеваның

«Әйел махаббаты» пьесасы Республикалық мемлекеттік академиялық корей музыкалық комедия театрында, Виктор Шалаевтың «Мағжан соты» спектаклі ақынның мерейтойына байланысты Солтүстік Қазақстан өңірінің аудандарында қойылды. Қойылымдарда Мағжан өмірінің драмалық және тұлғалық бейнесі арасында өзара әрекеттескен күрделі сахналық көрініс тапты. Әрбір театрландырылған сахнада әрбір драматург Мағжанның қайталанбас тұлғасын жеке алып көрсетуге ұмтылған. Мағжан тек тарихи тұлға ретінде ғана емес, сонымен бірге қайсарлықтың, өрліктің, ұлтына, Алаш мұраттарына шексіз берілгендіктің символы ретінде сомдалады.

Түйіндей келе, ақынның жарқын бейнесін ХХІ ғасыр көрерменіне ұсынған осы пьесаларда Алаш идеясына берік, елінің азаттығы жолында өмірін құрбан еткен ұлт зиялыларының есімдері ерекше ардақталып, адал істері насихатталды. Сүйіспеншілік, құрбандық және патриотизмнің бірлесе көрініс табуы ұлт зиялылары туралы түсінігімізді байытып қана қоймай, алаш қозғалысы өкілдерінің тұлғалық бейнесін анық көрсете білді. Олардың бейнесі сан қырлылығымен әлі қалыптасу үстінде екенін білеміз. Десек те ұлт зиялыларының драмалық шығармалардағы тұлғасын сахналаудағы көркемдік-тарихи шындық та әлі де өз деңгейінде толысу қажет.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл мақалаға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржылық қолдау көрсетті (грант ЖТН АР14871300).

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Шоқай, М.** Ұлттық зиялы [Мәтін] // Түркістан. – 1998.– № 4. – 10 наурыз.

2 **Sailaukyzy, A., Shakuova, R., Sak, K., Lebedeva, T.** Contemporary view to the history of Kazakhstan's democratic and publicism [Text] // Opcion. Ano 34. – No. 85-2. – 2018. – P. 774–799 – ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477–9385

3 **Нұрғалиев, Р.** Қазақ драматургиясының жанрлық проблемалары : Филол. ғыл. докт. диссерт. [Мәтін]. – Алматы, 1983. – 400 б.

4 ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001–2011 жж.) [Мәтін] : Ұжымдық монография. – Алматы : Арда, 2011. – 640 б.

5 **Шалаев, В.** Суд Мағжана [Текст]. – 2008. [Электронный ресурс]. – URL: <https://proza.ru/2012/01/22/604> (15 мая 2008 года)

6 **Елеукунов, Ш.** Вопреки приговору временщиков... [Текст] // Казахстанская правда. – 1993, 11 августа. – С. 4.

7 **Қабдолов, З.** Сөз өнері [Мәтін]. – Алматы : Санат, 2002. – 360 б.

8 **Сығай, Ә.** Театр тағылымы [Мәтін]. – Алматы : Өнер, 2013. – 200 б.

9 **Сұлтанова, Б. Д.** Исабековтің «Жаужүрек» драмасының жанрлық-композициялық панорамасы [Мәтін] // Ясауи университетінің хабаршысы. 2020. – № 4.

10 **Әуелханұлы, М.** Дулат Исабеков : «Мағжанның махаббаты ешкімге ұқсамайтын махаббат» [Мәтін]. – 2014. [Электронный ресурс]. – URL: <https://qazaquni.kz/rukhaniyat/30226-dulat-isabekov-ma-zhannyi-mahabbaty-i-eshkimge-samytyin-mahabbat> (2014 ж. 26 қазан)

11 **Нұрғали, Р.** Драма өнері [Мәтін]. – Алматы : Арда, 2009. – 592 б.

References

1 **Shoqai, M.** Ulitlyq zıaly [National intelligentsia] [Text]. // Túrkiстан. – 1998. – № 4. – 10 naýryz.

2 **Sailaukyzy, A., Shakuova, R., Sak, K., Lebedeva, T.** Contemporary view to the history of Kazakhstan’s democratic and publicism [Text]. // Opcion. Ano 34. – No. 85-2. – 2018. – P. 774–799 – ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477–9385.

3 **Nurǵaliev, R.** Qazaq dramatyrguasynyn janrlıq problemalary: Filol. ǵyl. dokt. dissert. [Genre problems of Kazakh drama : Philol. science. doct. dissert.] [Text]. – Almaty, 1983. – 400 p.

4 XXI ǵasyrdaǵy qazaq ádebieti (2001-2011 jj.). [Kazakh literature of the XXI century (2001-2011yy.)] [Text] : Ujymdyq monografiia. – Almaty : Arda, 2011. – 640 p.

5 **Shalaev, V.** Sýd Magjana [Tekst]. [Magzhan’s Court] [Text]. – 2008. [Elektronnyı resýrs]. – URL: <https://doi.org/proza.ru/2012/01/22/604> (15 maia 2008 goda)

6 **Eleykenov, Sh.** Vopreki prigovorý vremenshhikov... [Contrary to the verdict of the temporary workers...] [Text]. // Kazhastanskaia pravda. – 1993, 11 avǵýsta. – P. 4.

7 **Qabdolov, Z.** Sóz óneri [The art of the word.] [Text]. – Almaty : Sanat, 2002. – 360 b.

8 **Syǵai, Á.** Teatr taǵylymy [Theater lessons.] [Text]. – Almaty : Óner, 2013. – 200 p.

9 **Sultanova, B. D.** Isabekovtiń «Jayjúrek» dramasyńyń janrlıq-kompozitsıualyq panoramasy. [Genre-compositional panorama of the drama «Zhaushurek» by D. Isabekov.] [Text]. // İsaǵı ıńiversitetiniń habarshysy. 2020. – № 4.

10 **Áyelhanuly, M.** Dýlat Isabekov: «Maǵjannyń mahabbaty eshkimge uqsamıtyń mahabbat» [«Magzhan’s Love isn’t alike others»] [Text]. – 2014. [Elektronnyı resýrs]. – URL: <https://doi.org/qazaquni.kz/rukhaniyat/30226->

[dulat-isabekov-ma-zhannyi](#) mahabbaty-i-eshkimge-samaytyin-mahabbat (2014 j. 26 qazan)

11 **Nurǵalı, R.** Drama óneri. [The art of drama][Text]. – Almaty : Arda, 2009. – 592 p.

12.01.23 ж. баспаға түсті.

02.11.23 ж. түзетулерімен түсті.

25.02.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*К. С. Абдикалык, К. Н. Абилдаева, А. Шамиадинқызы

Казахский национальный женский

педагогический университет,

Республика Казахстан, Алматы.

Поступило в редакцию 12.01.23.

Поступило с исправлениями 02.11.23.

Принято в печать 25.02.24.

ХУДОЖЕСТВЕННО-ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРАВДА В ИНСЦЕНИРОВКЕ ЛИЧНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ

В данной статье исследуется проблема исторической и художественной правды в пьесах, в которых запечатлена личность интеллигенции нации начала XX века. В этой связи предметом исследования стали пьесы «Жизнь-тюрьма» Жолтая Жумат-Альмашулы, «Суд Магжана» Виктора Шалаева, «Сто лет любви» Дулата Исабекова, «Магжан» Алмаса Нусупа, «Любовь женщины» Жумагуль Солтиевой. Особое внимание было уделено названным выше произведениям, которые стали достоянием сцены, и в которых драматургами предпринята попытка раскрытия личности и образа одного из ярких представителей Алашской интеллигенции – Магжана Жумабаева. Также в статье речь идет о драматургическом мастерстве вышеуказанных авторов. Сделана попытка выяснить, насколько исторические реалии связаны с личностью алашской интеллигенции, отраженной в этих произведениях через образ главного героя Магжана. Подвергнуты тщательному и всестороннему анализу образы Назира Торекулова, Султанбека Кожанова в произведении «Жизнь-тюрьма», Миржасипа Дулатова в пьесе «Суд Магжана», Алихана Бокейханова, Мухамеджана Тынышпаева, Сакена Сейфуллина; Сакена, Беимбета, Ильяса в пьесе «Сто лет любви»; Берниязу Кулеева

и Мухтара Ауэзова в произведении «Магжан». Отмечено, что судьбы интеллигенции, политически преследуемой, отличаются как наличием общих сходств в некоторых постановочных пьесах, так и тем, что они конкретизируют достоверность полученных фактов. Акцент был сделан на том, что исторические личности в пьесах пересекаются с художественной реальностью. Также было подчеркнуто значение драматических постановок, представленных на республиканских, региональных театральных сценах.

Ключевые слова: национальный интерес, интеллигенция, идея Алаш, личность, поэт, сценический спектакль.

*К. Abdikalyk, К. Abildayeva, А. Shamshadinkyzy
Kazakh National Women's Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 12.01.23.

Received in revised form 02.11.23.

Accepted for publication 25.02.24.

ARTISTIC AND HISTORICAL TRUTH IN THE STAGE OF THE PERSONALITY OF THE NATIONAL INTELLIGENTSIA

This article examines the problem of historical and artistic truth in plays that depict the personality of the intelligentsia of the nation of the early twentieth century. In this regard, the subject of the study were the plays «Life is a prison» by Zholtai Zhumat-Almashuly, «The Court of Magzhan» by Viktor Shalaev, «One Hundred Years of Love» by Dulat Isabekov, «MagzhanA by Almas Nusup, «The Love of a Woman» by Zhumagul Soltieva. Special attention was paid to the above-mentioned works, which became the property of the stage, and in which the playwrights attempted to reveal the personality and image of one of the brightest representatives of the Alash intelligentsia – Magzhan Zhumabayev. The article also deals with the dramatic skill of the above authors. An attempt is made to find out how much historical realities are connected with the personality of the Alash intelligentsia, reflected in these works through the image of the main character Magzhan. The images of Nazir Torekulov, Sultanbek Kozhanov in the work «Life is a prison», Mirzhakip Dulatov in the play «The Court of Magzhan», Alikhan Bokeikhanov, Mukhamedzhan Tynyshpaev, Saken Seifulin; Saken, Beimbet, Ilyas in the play «One Hundred Years of Love»; Berniyaz Kuleev and Mukhtar Auezov in the work «Magzhan» are subjected to a thorough and comprehensive analysis. It is noted that the destinies

of the intelligentsia of a politically persecuted nation differ both in the presence of common similarities in some staged plays and in the fact that they concretize the reliability of the facts obtained. It is noted that the destinies of the intelligentsia of a politically persecuted nation differ both in the presence of common similarities in some staged plays and in the fact that they concretize the reliability of the facts obtained. The emphasis was placed on the fact that historical figures in the plays intersect with artistic reality. The importance of dramatic productions staged on republican and regional theater stages was also emphasized.

Keywords: national interest, intelligentsia, the idea of Alash, personality, poet, stage performance.

Теруге 26.02.2024 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,58 МБ RAM

Шартты баспа табағы 28,72. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4201

Сдано в набор 26.02.2024 г. Подписано в печать 29.03.2024 г.

Электронное издание

3,58 МБ RAM

Усл. печ. л. 28,72. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 4201

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz